

**"Жер қойнауын пайдаланушылардың табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің органдарына Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат беру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрінің міндетін орындаушының 2000 жылғы 28 қыркүйектегі N 393-б бұйрығына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 90-б Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3875. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2009 жылдың 1 шілдедегі N 53-п бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының 2009.07.01 N 53-п бұйрығымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Жер қойнауын пайдаланушылардың Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің органдарына Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің 2000 жылғы 28 қыркүйектегі N 393-б бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1272 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен қосымшалар енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпаратты беру Нұсқаулығын бекіту туралы";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпаратты беру Нұсқаулығы бекітілсін";

2-тармақ алынып тасталсын;

3-тармақта "жер қойнауын қорғау" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің органдарына Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат беру тәртібі туралы Нұсқаулықта (әрі қарай - Нұсқаулық):

атауы келесі редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпаратты беру Нұсқаулығы";

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабына сәйкес, жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша қаржы көздеріне тәуелсіз, жер қойнауы туралы геологиялық және басқа да ақпарат міндетті түрде, тағайындалған тәртіп бойынша, ақысыз геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға сақтауға, жүйелеуге және қорытым шығаруға жіберіледі";

2-тармақ алынып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

"аймақтық басқарма" деген сөздерден соң "геология және жер қойнауын пайдалану (әрі қарай - аймақтық басқарма)" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазгеоақпарат" РГАО" деген сөздер "Қазгеоақпарат" Республикалық геологиялық ақпарат орталығы (әрі қарай - "Қазгеоақпарат" РГАО)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтарда "жер қойнауын қорғау" деген сөздер "жер қойнауын пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

"Аумақтық басқарудың ҒТК (Аумақтық басқару ҒТК хаттамасы)" деген сөздер "Аумақтық басқарудың Ғылыми техникалық кеңесі (бұдан әрі - ҒТК)" деген сөздермен, "Комитеттің ҒТК" деген сөздер "Аумақтық басқарудың Ғылыми техникалық кеңесінде (бұдан әрі - ҒТК)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Комитеттің ҒТК" деген сөздер "геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органның Ғылыми техникалық алқасының (бұдан әрі - ҒТА)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"Келісім-шартта көзделінген барлық жұмыстар аяқталғаннан соң, жер қойнауын пайдаланушы, Келісім-шарттың әрекеттік мерзімі бітпей тұрып, аймақтық басқармаға Келісім-шартты аумақта жүргізілген геологиялық зерттеулер туралы қағаз және магниттік тасымал түрлерінде кесімді есепнама

ұсынады. Кесімді есепнама ҒТК қаралып, Комитетке жіберіледі. Комитет есепнаманы ҒТА қарайды да, ҒТА хаттамасын қоса беріп, оны "Қазгеоақпарат" РҒАО сақтауға жібереді. Есепнаманың бір данасы сақталуға аймақтық басқармаға жіберіледі. Осы Нұсқаулыққа қоса берілген Тұрпатты тізбеге сәйкес, аймақтық басқармаға сақталуға және де бастапқы материалдар да жіберіледі";

Нұсқаулыққа қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышында "Жер қойнауын пайдаланушылардың Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің органдарына Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат беру тәртібі туралы" деген сөздер "Жер қойнауын пайдаланушылардың Келісім-шарттық аумақтардағы жұмыстар бойынша геологиялық ақпарат беру" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған сәтінен бастап он күн күнтізбелік күн толғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*